

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Экономика, басқару және құқық факультеті**  
**Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша**  
**Академиялық комитет мәжілісінің**  
**№4 хаттамасы**

**Түркістан қаласы**

**26.12.2023ж.**

**Қатысқандар:** АК төрағасы: А.Исаева, АК мүшесі, академиялық персонал М.Сабытханова, білім беру бағдарламасының оқытушылары: Б.Кылыч, А.Абубакирова, Б.Шарханова, Б.Кенешбаев, Б.Дандаева, А.Куралбаев, Е.Айнакожаев және АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі: Н.Д.Медеуов, Б.Б.Нұридін АК мүшесі, білімгерлер өкілі А.Уалдинұлы.

**Қатыспағандар – жоқ.**

**Күн тәртібі:**

1. Қолданыстағы бакалавриат деңгейіндегі ББ-на ішкі аудит жүргізу

**Тыңдалды:**

1. Қолданыстағы бакалавриат деңгейіндегі ББ-на ішкі аудит жүргізу.  
**АК төрағасы А.Исаева** сөз алып 2023-2024 оқу жылында «Қызмет көрсету саласы» даярлау бағыты білім беру бағдарламаларында бойынша жыл өткен сайын білімгерлер контингентінің азайып бара жатқандығын, сонымен қатар бағдарлама бейіні бойынша оқытушы-профессор құрамының да азайғанын, кезінде кафедра болып жұмыс жасаған бағдарлама қазіргі таңда 3-5 оқытушыдан қалыптасып отырғандығын айтты.  
**Кафедра профессоры Б.Кылыч** сөз алып, білімгерлер контингентін қалыпқа келтіру мақсатында Мугла Сыткы Кочман университетімен бірлесе отырып қос диплом білім беру бағдарламаларының жасалынып жатқандығын сөз етті. Білім беру бағдарламаларының норма деп бектіліген саннан да (контингент) арттыруымыз қажет, ол үшін оқытушылар мен бірге студент жастар да жұмыс жасауы қажет, жұмыла жұмыс атқаруымыз қажет деді.  
**Магистр оқытушы Б.Шарханова** сөз алып, білім беру бағдарламаларының сапалы жұмыс жасауы үшін де студент жастарды ынталандыратын бағдарламалардың дайындалуы, үйірмелердің жұмыс жасауы қажет. Олимпиадаларға алып бару, көзқарастарын өзгерту, бағдарламаға деген қызығушылықтарын арттыруымыз қажет деді.  
**АК мүшесі М.Сабытханова** да сөз алып, бағдарлама үшін маңыздысы материалды-техникалық базамен қамтамасыз етілуі. Қазіргі таңда дәріс беріп жүрген аудиториялардағы қолданып жүрген интерактивті тақталардың да ескіргендігі, заман талабына сай барлығы бағдарлама ерекшелігін ескере отырып жабдықталуы қажет деп өз сөзін аяқтады.  
**АК төрағасы А.Исаева** сөз алып нарық талабына сай жұмыс берушілердің ұсыныстары негізге алынып бағдарлама жаңартылды, мұнымен қоса дуалды бағдарламаны да іске қоссақ жақсы болар еді, бағдарламаның іске асуы үшін материалды-техникалық базаны жаңартсақ, Яссы қонақ үйінің материалдық-техникалық базасы жаңартылып бағдарламаның практикалық базасы етіп берілсе оқытушылар сол жерде дәрістерін толыққанды жүргізер еді деп өз сөзін аяқтады.  
**Шешім:** Қолданыстағы бакалавриат деңгейіндегі ББ жүргізілген ішкі аудит нәтижелері есепке алынсын.

АК төрағасы

А.Исаева